



БҰЙРЫҚ

13 маусым 2019 ж.

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 100

город Нур-Султан

Бекіту туралы

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2019 жылғы 07 маусымдағы № 605 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Жарғысының 21-тармағын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «ЗҚАИ» РМК әкімшілік басқармасының басшысы лауазымдық нұсқаулығы жаңа редакцияда бекітілсін.

2. «ЗҚАИ» РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясаты бекітілсін.

3. «Бекіту туралы» 2019 жылғы 12 маусымдағы № 92 бұйрығының бекітілген әкімшілік басқарма басшысының лауазымдық нұсқаулығы күші жойылған деп танылсын

4. Кадр бөлімінің бас маманы А.К. Абдрахманова лауазымдық нұсқаулықпен таныстырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК әкімшілік басқармасының басшысы – С.Б. Курбановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директор



Р. Сәрпеков

004091

Handwritten signatures and initials at the bottom of the page.

ҚР ӘМ "ҚР Заңнама және
құқықтық ақпарат институты"
ШЖҚ РМК директорының
" 18 " маусым 2022 ж.
№ 100 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**ҚР Әділет министрлігінің "ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат
институты" ШЖҚ РМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
саясаты**

**Нұр-Сұлтан қ.
2022 ж.**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты ҚР ӨМ "ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты" ШЖҚ РМК (бұдан әрі - тиісінше ЗҚАИ және Саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және ЗҚАИ ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Саясат кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын, тәсілдері мен талаптарын регламенттейтін, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және оған қарсы күрестің басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын ЗҚАИ-дың негізін қалаушы ішкі құжаты болып табылады.

2. Бұл саясат мыналарды белгілейді:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;

3) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелері;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;

5) осы Саясаттың міндеттерін сақтау үшін жауапкершілік.

3. Осы саясаттың негізгі мақсаты - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, шектеу және жою жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу, саясат субъектілерінің төзбеушілігін, ЗҚАИ-дың және оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтарының жоғары стандарттарына бейілділігін сипаттайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, кәсіпорынның іскерлік беделін нығайту және оған деген сенімін арттыру болып табылады.

2. Қолдану саласы

4. Осы Саясатпен танысу, орындау және мүлтіксіз сақтау ЗҚАИ-дың барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

5. Осы Саясат кәсіпорынның корпоративтік веб-сайтында орналастырылуы тиіс.

3. Терминдер мен анықтамалар

6. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы - "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік-құқықтық актілер;

2) лауазымды тұлға – ЗҚАИ-дың бірінші басшысы, оның орынбасарлары, барлық құрылымдық бөлімшелердің басшылары және филиалдардың директорлары;

3) ЗҚАИ корпоративтік этикасы туралы ереже - ЗҚАИ корпоративтік мәдениетін дамытуға және беделін нығайтуға бағытталған құндылықтарды, негізгі қағидаттар мен мінез-құлық стандарттарын белгілейтін кәсіпорынның ішкі құжаты;

4) мүдделер қақтығысы - лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

5) сыбайлас жемқорлық – ЗҚАИ лауазымды адамдарының өз лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуы;

6) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

7) сыбайлас жемқорлық тәуекелі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - ЗҚАИ-дың өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

9) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі ЗҚАИ-дың қызметі;

10) қызметкерлер - ЗҚАИ-мен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлғалар.

7. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, кәсіпорынның жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер

8. ЗҚАИ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты - атқаратын лауазымына қарамастан, кәсіпорынның лауазымды адамдары мен

қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

9. Осы Саясат қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) лауазымды адамдар мен қызметкерлерде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

2) компанияға, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;

3) ЗҚАИ лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болғызбау жөніндегі барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу болып табылады;

4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимыл жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

10. ЗҚАИ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік —

ЗҚАИ өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік қағидаты кәсіпорынның атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін, тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға ЗҚАИ-дың лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) жоғары басшылықтың сыбайлас жемқорлық көріністеріне ымырасыз қарауға бейілділігі - ЗҚАИ басшысы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және кәсіпорында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. ЗҚАИ-дың лауазымды адамдары сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде ымырасыз қарым-қатынас туралы мәлімдеуге, осы қағидатты жеке мысалда көрсетуге, сақтауға және іске асыруға тиіс;

3) қызметкерлердің тартылуы - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы ЗҚАИ өзінің лауазымды адамдары мен қызметкерлерін хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын құптайды;

4) жазаның бұлтартпастығы - ЗҚАИ кәсіпорын қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, оларды жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі – ЗҚАИ рәсімдерді барынша ашық, айқын, орындалатын етіп жасауға ұмтылады, оларды іске асырудың қарапайымдылығын және маңызды нәтиже алуды қамтамасыз етеді;

6) тиісті байқағыштық - ЗҚАИ іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға кандидаттарды олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

7) өзара іс-қимыл және үйлестіру - ЗҚАИ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен және үшінші тұлғалармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелері

11. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ санамаланғандармен шектелмейді):

1) егер лауазымды адам сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе ысырап ету әрекеттерін оның қызмет бабын пайдалануымен ұштастыра отырып жасау;

2) егер лауазымды адам қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, осы іс-әрекетті өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты жасаса, жария ету (жылыстату);

3) егер лауазымды адам экономикалық контрабанданы, өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты жасаған болса;

4) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;

5) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

6) пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу;

7) қызметтік жалғандық;

8) қызмет бойынша әрекетсіздік;

9) билікті теріс пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе оның әрекетсіздігі;

10) немқұрайлылық;

11) жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;

12) лауазымды адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы;

13) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау жатады.

12. ЗҚАИ, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы Саясатты іске асыру кезінде ЗҚАИ оның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, атап айтқанда:

1) пара беруді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, яғни қандай да бір адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісті түрде орындамауға итермелеу ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық беруге уәде беру;

2) параны талап етуге, қабылдауға немесе қабылдауға келісуге, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты алуға немесе алуға келісуге құқылы емес;

3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерден басқа төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін оларға теңестірілген адамдарға сыйлықтар ұсынуға;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға;

5) жеке пайда алудың орнына ЗҚАИ-ға жұмысқа орналастыруды ұсынуға, уәде етуге немесе ұсынуға (оның ішінде уақытша негізде);

6) үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе қабылдауға ықпал ету;

7) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлық белгілерін сыйлауға немесе алуға тыйым салынады.

13. Компанияның лауазымды тұлғалары өзінің кәсіби қызметінде келесі тәртіп нормаларын қатаң сақтауы тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын орындауға міндетті;

2) іскерлік қатынастарда адал және әдепті болуға, лауазымдық міндеттерді жүргізудің кез келген теріс пиғылды тәсілдерінен аулақ болуға тиіс;

3) ЗҚАИ беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге міндетті;

4) ЗҚАИ қызметтік жағдайын және құпия ақпаратты, материалдық және материалдық емес активтерді жеке мақсаттарда пайдаланбауға міндетті;

5) құқыққа сыйымсыз әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеуге міндетті;

6) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

7) табыс алумен байланысты кәсіпкерлік қызметті және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге көмек көрсетуден бас тартуға құқылы;

8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдемеуге және мұндай әрекеттерді көтермелемеуге;

9) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмауға міндетті.

14. ЗҚАИ қызметкерлері міндетті:

1) кәсіпорынның мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болуға;

2) компания мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын деп айналасындағыларға түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға;

3) қызметкердің мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі не туындауы мүмкін екендігі туралы тікелей басшысына хабарлауға міндетті.

Өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына қатысты немесе кез келген басқа мінез-құлық нормалары бойынша күмән туындаған жағдайда, ЗҚАИ-дың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері кәсіпорынның жоғары тұрған басшылығына жүгіне алады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын-алу жөніндегі шаралар кешені

15. ЗҚАИ қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Мұндай салаларға келесілер жатады, бірақ санамаланғандармен шектелмейді:

1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;

2) сыйлықтар және Өкілдік шығыстар;

3) персоналды басқару.

8. Үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру

16. ЗҚАИ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қағидаттары мен талаптарын, осы Саясатты бұзатын немесе ЗҚАИ үшін іскерлік беделін жоғалту тәуекелін туғызатын үшінші тұлғаларды тартудан тартынады.

17. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдана алдында, үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған ЗҚАИ-дың тиісті құрылымдық бөлімшелері келесілерге міндетті:

1) ЗҚАИ тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша ҚР заңнамасында белгіленген рәсімдерді сақтау;

2) мынадай рәсімдерді жүргізу арқылы (мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейді) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне үшінші тұлғалардың мониторингін жүзеге асыру:

- өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдерінің болуын тексеру, осы Саясаттың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болу;

- іскерлік беделді және мүдделер қақтығысының болмауын тексеру;

- жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің, ақша қаражаты көзінің болуын, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған қаражат жөнелтілетін Банктің, юрисдикцияның мәніне тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқалар) сұрау салулар жіберу арқылы тексеру;

3) жасалатын мәмілелерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізуге, бұл ретте ЗҚАИ олардың тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда үшінші тұлғалармен мәмілелерді бұзу құқығын өзіне қалдырады;

4) Осы саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы үшінші тұлғаларды хабардар етуге міндетті.

18. ЗҚАИ үшінші тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын қолдайды.

9. Сыйлықтар және өкілдік шығындар

19. ЗҚАИ іскерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлылыққа арналған шығыстарды жүзеге асыруды бизнесті жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп таниды.

ЗҚАИ іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын қолдайды.

ЗҚАИ жеке тұлғаға сыйлық пен басқа заттарды бермеу сияқты жеке элементті жоққа шығарады.

20. Іскерлік сыйлықтармен алмасу және өкілдік шығыстарды, оның ішінде үшінші тұлғалармен ЗҚАИ іскерлік қонақжайлылығын жүзеге асыру мынадай өлшемшарттарға сай келуге тиіс:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына, өкілдік шығыстар мәселелері бойынша компанияның ішкі құжаттарына толық сәйкес келуі;

2) ақылға қонымды негізделген, мөлшерлес болуға, қолма-қол немесе қолма-қол емес ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып

табылмауға және ақша қаражатының өзге де түрлерін немесе баламаларын көрсетпеуге, сондай-ақ сән-салтанат заты болып табылмауға тиіс;

3) қызмет көрсеткені, әрекетсіздігі, салғырттығы, қамқорлығы, құқықтар бергені, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат беру туралы белгілі бір шешім қабылдағаны және т. б. үшін жасырын сыйақы немесе өзге де заңсыз немесе әдепке жат мақсатта алушыға ықпал етуге әрекет жасамау;

4) ЗҚАИ, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін іскерлік беделінің жоғалуына әкелуі мүмкін тәуекел жасамауға міндетті.

21. ЗҚАИ жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлықтың немесе іс-шараның осы Саясаттың талаптарына сәйкестігіне күмән туындаған жағдайда, лауазымды тұлғаға немесе ЗҚАИ қызметкеріне кәсіпорынның Комплаенс-офицерімен және кәсіпорынның тікелей жоғары тұрған басшысымен кеңесу керек.

10. Персоналды басқару

22. ЗҚАИ кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан шығару кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, ЗҚАИ:

1) белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға қойылатын тиісті біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында кандидаттардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан оларды жұмысқа орналастыруға тексеруді жүзеге асырады;

3) өзінің қызметінің түйінді көрсеткіштерінің және кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

4) жұмыскердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне қарай жоғары тұрған лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға ЗҚАИ лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің келісімін компанияның кадр саясатын қалыптастыруға және қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес лауазымға кіріскен/ жұмысқа қабылдаған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде белгілейді.

24. ЗҚАИ лауазымды тұлғалары сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамаған жағдайда, ақпарат тиісті шаралар қабылдау үшін кәсіпорынның бірінші басшысының назарына жеткізіледі.

25. ЗҚАИ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы жұмысқа қабылдаудан бас тартуға немесе жұмыстан шығаруға әкеп соғады.

26. Қылмыстық-жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, ЗҚАИ лауазымды тұлғаларының/қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамауы өкілеттіктерді тоқтату/жұмыстан шығару үшін негіз болып табылады.

11. Мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу

27. Мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. ЗҚАИ мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алуға және оларды реттеуге көп көңіл бөледі.

28. ЗҚАИ-дың лауазымды адамдары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде кәсіпорынның мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері ЗҚАИ мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулақ болуға міндетті. Мүдделер қақтығысы туындаған (немесе оның туындау мүмкіндігі) жағдайда, ЗҚАИ-дың лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы ақпаратты кәсіпорынның тікелей басшысына не жоғары тұрған басшылығына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті.

29. Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің өтініштері бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде ЗҚАИ басшылығы ЗҚАИ-дың мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларына сәйкес тиісті ден қою шараларын уақтылы қабылдауға міндетті.

30. ЗҚАИ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес үлестес тұлғаларды есепке алуды міндетті түрде жүзеге асырады.

12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау

31. ЗҚАИ жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіреді, бағалайды, сондай-ақ кәсіпорынның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарына сәйкес оларды азайту бойынша шаралар әзірлейді.

32. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған және кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары ЗҚАИ қызметі мен бизнес-процестерін анықтау болып табылады.

33. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау негізінде жүргізіледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

34. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – ЗҚАИ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.

35. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні - ЗҚАИ қызметі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг ЗҚАИ-дың өз бастамасы бойынша жүргізіледі, оның нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз болып табылуы мүмкін.

36. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ЗҚАИ құрылымдық бөлімшелерінің қызметін зерделеу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдары мен өтініштерін зерделеу;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелерін қарау негізінде жүргізіледі.

37. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері жинақтау үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберілуі мүмкін.

38. ЗҚАИ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларын басшылыққа алады.

14. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы

39. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы (бұдан әрі-талдау) деп сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет түсініледі.

40. Талдау жүргізу туралы шешімді, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері негізінде, ЗҚАИ басшысы қабылдайды.

41. Талдау объектісі ЗҚАИ құрылымдық бөлімшелерінің қызметі болып табылады және мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) құрылымдық бөлімшенің қызметін қозғайтын ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) құрылымдық бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

42. құрылымдық бөлімшенің қызметін қозғайтын ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталады.

43. Құрылымдық бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп мына мәселелер түсініледі:

- персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;

- мүдделер қақтығысын реттеу;

- мемлекеттік қызметтер көрсету;

- құрылымдық бөлімшенің функцияларын іске асыру;

- бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

44. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен ҚР ӘМ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу стандарттарында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

45. Кез келген сыбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданды және әрбір жағдайда ЗҚАИ ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жөнінде шаралар әзірлейді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалауды жүргізу, оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу тәртібі осы Саясатпен және ЗҚАИ-дың өзге де ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

46. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - ЗҚАИ-дың басшы бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

47. ЗҚАИ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың оларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

48. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ЗҚАИ ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

49. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) ЗҚАИ-да жұмыс істейтін адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру.

50. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - ЗҚАИ-дың кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру компанияның әрбір қызметкерінің борышы болып табылады және кәсіпорында түсіндіру жұмыстарын жүргізу және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар арқылы жүзеге асырылады.

51. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру — тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі.

16. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар

52. Егер ЗҚАИ-да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алғаны туралы қандай да бір куәлік болса, бұл туралы дереу "жедел желіге" хабарлау қажет. +7 717 2 72 52 52 (ішкі.1110) және (немесе) электрондық поштаға жазу "compliance.officer@ke.kz және (немесе) Компанияның корпоративтік веб-сайтында, сондай - ақ кәсіпорынның Комплаенс-офицеріне, өзінің тікелей және жоғары тұрған басшысына олар туралы ақпарат/сілтемелер орналастырылған ЗҚАИ-дың әлеуметтік желілердегі (Facebook, Instagram) ресми парақшаларына орналастырылған.

17. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеп-тексерулер

53. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша ЗҚАИ-да Комплаенс-офицердің және кәсіпорынның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен ақылға қонымды мерзімде тексеру не қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі.

54. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатын негізге ала отырып, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзету шараларын қабылдау тергеп-тексеруді аяқтау болып есептеледі.

18. Өзара ынтымақтастық

55. ЗҚАИ өзара түсіністік қағидаты негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, сондай-ақ үшінші тұлғалармен ынтымақтасады:

- 1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы ақпарат беру;
- 2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу кезінде жәрдемдесу жолымен жүзеге асырылады;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша ЗҚАИ қызметіне тексеру жүргізу кезінде үйлестіру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлеу;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелеріне байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұрау салулары бойынша түсініктемелер беру/кеңестерге (кездесулерге) қатысу.

19. Жауапкершілік

56. ЗҚАИ лауазымды адамдары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

57. Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген шешімі бойынша болмаса, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті шаралар қолданылған ЗҚАИ-дың лауазымды адамдары мен қызметкерлері жауапкершіліктен және кәсіпорынға материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

58. Осы Саясат талаптарының орындалуы үшін өз құзыреті шеңберінде ЗҚАИ-дың лауазымды тұлғалары, қызметкерлері және құрылымдық бөлімшелері жауапты болады.

59. ЗҚАИ мүлтіксіз сақтау мақсатында кәсіпорынның жаңадан тағайындалған лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жыл сайын мүдделер қақтығысы туралы декларацияны (№1 және №2 қосымша) міндетті түрде толтырады және қол қояды.